

Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 697 бұйрығы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының [16-бабы 8\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алу саласында мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 наурыздағы № 232 [бұйрығы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10854 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#);

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 697 [бұйрығымен](#) бекітілген

Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары

Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі - Заң) [16-бабы 8\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәртібін анықтайды.

1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

білім беру ұйымдары - қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары;

тапсырыс беруші - ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды, ұлттық компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс

беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар.

2. Мемлекеттік сатып алу саласында өз қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлерді (бұдан әрі - мамандар) қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды білім беру ұйымдары жүргізеді.

3. Білім беру ұйымдары мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу бағдарламаларын «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының [43-бабына](#) сәйкес әзірлейді және бекітеді.

4. Мамандарды оқыту бекітілген оқу бағдарламаларына сай жүргізіледі.

Оқу бағдарламалар міндетті түрде семинарлардың мынадай тақырыптарын:

1) мемлекеттік сатып алуды өткізу процесінде қалыптастырылатын конкурстық құжаттаманы, техникалық ерекшелікті және өзге де құжаттарды әзірлеу және бекіту;

2) мемлекеттік сатып алу аясында заңнама нормаларын түсіндіру бойынша заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі практикалық курс;

3) мемлекеттік сатып алу аясында заңнаманы сақтаудың сәйкестік аудитінің негізгі аспектілерін зерделеу бойынша практикалық курсты қамтиды.

Қайта даярлау және біліктілік арттырудан өткен мамандарға Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес құжат беріледі.

5. Оқу бағдарламасының жалпы сағат санының кемінде 50%-ын, тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерінің орындалуына жауапты қызметкерлері арасынан практикалық жұмыскерлерді, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген рәсімдерді бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тарта отырып, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу практикасын зерделеу құрайды.

6. Білім беру ұйымдары:

оқытушылық қызметке мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының мемлекеттік сатып алу аясында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлерін және жеке тұлғаларды тартады;

мемлекеттік сатып алу жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осы Қағидалардың [4-тармағында](#) көрсетілген құжатты алған тұлғалардың тізімін береді.